

ABOUT HIV

АИТВ және ЖИТС – негізгі мәліметтер

АИТВ - адамның иммун тапшылығы вирусы деген ұғымды білдіреді.

Вирус өзін ұзақ мерзім бойы танытпағандықтан көптеген адамдар АИТВ-мен ұзақ жылдар бойы өмір сүре береді. Алайда, АИТВ вирусы өзін байқатпаса да иммундық жүйеге тоқтаусыз шабуыл жасап ақырындап оны жойып отырады. Сондықтан АИТВ вирусы бар адам дұрыс емделмесе және күтімсіз болса оның ауыр дертпен ауырып қалуының ықтималдығы жоғары болады, ал сау иммундық жүйе бұндай дерттермен күресе алады.

Заманауи АИТВ-тың емдеу тәсілдері ағзадағы вирустың санын азайтып қана қоймай сонымен қатар иммундық жүйенің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Дәрі-дәрмектер АИТВ-ты ағзадан толығымен шығармаса да сауатты емдеу және күтім арқылы АИТВ-позитивті адам ұзақ және салауатты өмір сүре алады.

ЖИТС

ЖИТС - жұқтырылған иммун тапшылығы синдромы деген ұғымды білдіреді.

ЖИТС ұғымы адам өміріне қауіпті індет және қатерлі ісіктің түрлерін сипаттауға қолданылады, себебі адамның иммундық жүйесі ЖИТС-мен қатты зақымдалса осындай ісіктер адам ағзасында жетіліп кетуі мүмкін.

Егер де әлде кімге ЖИТС деген диагноз қойылса ол адамға міндетті түрде медициналық емдеумен қатар күтім берілуі қажет. Осының арқасында адамның иммундық жүйесін күшейтіп және денсаулығын жақсартуға болады. АИТВ-ты тиімді емдеудің нәтижесінде бүгінгі күні ЖИТС дамыған адамдар, қазір өздерін жақсы сезінуде сонымен қатар оларды алда ұзақ және салауатты өмір күтуде.

Менің ағзамда АИТВ бар екендігін қалай білсем болады?


АИТВ-ға тест тапсыру – сенің ағзаңда вирус бар немесе жоғын білудің жалғыз амалы.

АИТВ-ға тест тапсырудың бірнеше әдісі бар. Мысалы, сіздің көктамырыңыздан немесе саусағыңыздан қан алу арқылы. Бұдан қоса АИТВ-ты анықтау үшін сілекей тесттер де бар, одан өту үшін сізге небәрі қызы иектен (тісіңіздің етінің жаны) кішкене мөлшердегі сілекей жинау арқылы .

Егер адам бір ай бұрын ғана АИТВ вирусын жұқтырса да қазіргі замандағы тесттер оны анықтай алады. Бұрын диагнозды нақты білу үшін вирусты жұқтыру мүмкіндігінен кейін үш ай күту керек еді.

Егер тесттің нәтижесі оң деп анықталса онда сізде АИТВ бар. Ал тесттің нәтижесі теріс деп көрсетсе онда сізде АИТВ жоқ. Тесттің кейбір түрлерін қолданған кезде сіздің нәтижеңіз оң болған жағдайда онда сізге тағы да бір қосымша тесттен өтуге қажет болады.

Әдетте сіз АИТВ-ға тест тапсыруға келгенде сол жерде қызмет атқаратын кісілермен сөйлесіп соның барысында оларға өзіңізді қобалжытып жүрген сұрақтарды қоюға мүмкіндік беріледі. Сізден анализ алатын медициналы қ қызметкер тесттің сізге қандай әсер беретінін және оның нәтижесін қалай және қашан алып кетуге болатынын айтады.



АИТВ қалай жұғады?

АИТВ ағзаның сұйықтықтарында табылады. Жұқтыруға жектілікті мөлшерде жыныстық сұйықтықтарда (қынаптық сұйықтық, шәует және айланшық сұйықтығында), қанда және әйел кісілердің көкірек сүтінде болады.

АИТВ-ты жұқтыруының негізгі жолдары:

- Қорған баған анальды, вагинальды және оральды жыныстық қатынас арқылы
- Инъекциялық құралдарды ортақ қолданғанда
- Анадан балаға жүктілік кезінде, босанғанда және көкірек сүтімен емгізген кезінде

Янссенның жомарт қолдауы арқасында www.pro-vich.info және www.about-hiv.info желіні қалыптастыру мүмкінге айналды. Біздің демеушіміз желінің мәтіні мен мазмұнына редакциялық бақылау мүмкіншілігін иеленбеді. Осы желідегі барлық ақпараттар денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кеңесін орынын басу үшін емес, керісінше оларға көмектесуге бағытталған. Жеке мәселеніз бойынша өзіңіздің емделуші дәрігеріңізге немесе командаңыздың денсаулық сақтау бойынша жауапты мүшесіне ақыл қосу мақсатында жүгініңіз.

NAM aidsmap, Еуропалық ЖИТС –ті емдеу тобы, Еуропалық ЖИТС бойынша жәрдемдесу желісі, Шығыс Еуропа және Орталық Азияда АИТВ – пен өмір сүретін адамдардың одағы және ИТРСги (Емдеуге дайындау бойынша коалициясы) өз – ара ынтымақтастығы. Қосымша ақпараттар алу үшін: www.about-hiv.info; www.pro-vich.info; www.aidsmap.com Ұлыбританияда ресми тіркелген қайырымдылық қоры: 1011220

ABOUT HIV

АИТВ және ЖИТС – негізгі мәліметтер

Алайда АИТВ-мен өмір сүріп жүрген адамдар тиімді дәрі-дәрмектер қабылдаса олардың қанындағы вирустардың саны айтарлықтай азаяды.

Сондай-ақ жыныстық қатынас кезіндегі мүшеқапты қолдану АИТВ жұғуынан маңызды қорғанысы болып табылады.

Егер сіз есірткі қолданушысы болсаңыз, онда сіз стерилді ине немесе басқа инъекциялық құралдарды қолдана отырып АИТВ я басқа инфекциялардың жұғу қауіпін айтарлықтай төменде те аласыз.

Сіз АИТВ-позитивті адаммен сүйісу, құшақтасу, қол алысу немесе тағы басқа әлеуметтік қатынастар арқылы АИТВ-ты өзіңізге жұқтырып алмайсыз. Сонымен қатар сіз АИТВ-позитивті адамның жанында тұрып та немесе бір үстел бұйымдарын, ыдыс-аяқ, төсек-орын пайдалана отырып та өзіңізге АИТВ-ты жұқтырмайсыз.

АИТВ ауа-тамшылы жолымен адам түкіргенде, шүкіргенде немесе жөтелгенде берілмейді.

Янссенның жомарт қолдауы арқасында www.pro-vich.info және www.about-hiv.info желіні қалыптастыру мүмкінге айналды. Біздің демеушіміз желінің мәтіні мен мазмұнына редакциялық бақылау мүмкіншілігін иеленбеді. Осы желідегі барлық ақпараттар денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кеңесін орынын басу үшін емес, керісінше оларға көмектесуге бағытталған. Жеке мәселеңіз бойынша өзіңіздің емделуші дәрігеріңізге немесе командаңыздың денсаулық сақтау бойынша жауапты мүшесіне ақыл қосу мақсатында жүгініңіз.

NAM aidsmap, Еуропалық ЖИТС –ті емдеу тобы, Еуропалық ЖИТС бойынша жәрдемдесу желісі, Шығыс Еуропа және Орталық Азияда АИТВ – пен өмір сүретін адамдардың одағы және ИТРСги (Емдеуге дайындау бойынша коалициясы) өз – ара ынтымақтастығы. Қосымша ақпараттар алу үшін: www.about-hiv.info; www.pro-vich.info; www.aidsmap.com Ұлыбританияда ресми тіркелген қайырымдылық қоры: 1011220